

Мамандық бойынша тест: 1 - пән Әлеуметтік философия

1. К.Маркстың пайымдауынша, таптық-антагонистік қоғамда еңбектің жатсынуын белгілейтін көріністер:

- A) еңбек еркіндігі
- B) жұмысшының өз мәнінен жатсынуы
- C) әлеуметтік революция
- D) адам адамды өз пайдасына еңбек етуге мәжбірлеу
- E) адамның адамнан жатсынуы
- F) жұмысшының өндіріс құралдарынан жатсынуы
- G) таптық теңсіздік
- H) қоғамдық өнімді бөлудегі әділетсіздік

2. Аристотельдің пікірінше, мемлекеттің және басқару жүйесінің дұрыс формалары:

- A) монархия
- B) плутократия
- C) охлократия
- D) олигархия
- E) тирания
- F) демократия
- G) аристократия
- H) полития

3. Философиялық антропологияның XX ғасырдағы өкілдері:

- A) М.Шелер
- B) О.Уайльд
- C) А.Хакен
- D) А.Тойнби
- E) Х.Плеснер
- F) А.Гелен
- G) С.Уандер
- H) Г.Маркузе

4. Ф.Ницшенің пікірінше, ХІХ ғасырдағы мәдениет дағдарысының (декаданс) көріністері:

- А) әйелдердің тең құқыққа қол жеткізуі
- В) либерализм және демократия
- С) билікке құштарлық
- Д) дәстүрлі моральды жоққа шығару
- Е) ойлаудың ғылыми түрінің дамуы
- Ғ) технократияның басымшылдығы
- Г) марксизм ілімінің пайда болуы
- Н) адамдардың табиғи теңсіздігі

5. Постмодернизм философиясының өкілі Ж.-Ф. Лиотар модернді «мета әңгімелер» дәуірі деп атап, оған тән келесі ғаламдық түсіндіру жүйелерін белгіледі:

- А) коммунитаризм
- В) гегельдік идеализм
- С) марксизм
- Д) Ағартушылық жобасы
- Е) ницшеандық
- Ғ) фрейдизм
- Г) протестантизм
- Н) либерализм

6. К.Поппердің әлеуметтік философиясындағы негізгі постулаттар:

- А) жалпылаушы және тарихи ғылымдардың ара-жігін ажырату
- В) тарихи білімге априорлық сипаттама тән
- С) базис және қондырма диалектикасы
- Д) тарих процесін болжамдау мүмкіндігін жоққа шығару
- Е) синтетикалық және аналитикалық ғылымдарды ажырату
- Ғ) қоғамдық болмыс қоғамдық сананы айқындайды
- Г) тарих процесіне заңдылық тән және оны болжау мүмкін
- Н) тарих заңдарының барлығы идеясын сынға алу

7. К.Ясперстың ойынша, техниканың дамуы келесі әлеуметтік салдарларға алып келеді:

- A) ғылыми-техникалық прогрестің әрі қарай дамуына
- B) адам өмірінің ақыл-ойға қонымды жолға салынылуына
- C) адамның танымдық мүмкіндіктерінің нығаюына
- D) адам өмірінің барлық жақтарының қастерленуіне
- E) адамның гуманизм қағидаларынан алшақтауына
- F) элитарлық мәдениеттің басымдылығына
- G) жеке тұлғалық талғамдардың төмендеуіне және өмір игіліктерінің біркелкіленуіне
- H) бұқаралық мәдениеттің басымдылығына

8. Демократияның тарихи түрлері:

- A) либералдық
- B) олигархиялық
- C) социал-демократия
- D) капиталистік
- E) антикалық
- F) автохтондық
- G) тоталитарлық
- H) архаикалық

9. Әлеуметтік философиядағы өркениеттер теориясының өкілдері:

- A) Х.Арендт
- B) О.Шпенглер
- C) А.Хакен
- D) З.Бжезинский
- E) К.Поппер
- F) М.Шелер
- G) А.Тойнби
- H) К.Ясперс

10. Әлеуметтік-философиялық теориялардағы «коммуникация» ұғымының басты мағыналары:

- A) материалдық және рухани құбылыстардың өзара себептелуі
- B) тарихи дамуды айқындайтын басты фактор
- C) күрделіні қарапайымға теңестіру
- D) ара-қатынас құру, ақпараттың адамнан адамға таратылуы
- E) материалдық және рухани әлемнің кез-келген объектілерінің байланыс құралдары
- F) дәстүрлі мәдениеттің құлдырауының бастамасы
- G) әлеуметтік материя қозғалысын сипаттау
- H) қоғамда ара-қатынас құру және ақпаратпен бөлісу